

**Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясының ізденушісі Балгожина Майгуль Егеубаевнаның
БД030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Қазақстан Республикасында рецидив қылмыстылықты ескертудің
концептуалдық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ПІКІР**

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибенің және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

М.Е. Балгожинаның диссертациялық жұмысы теориялық және қолданбалық тұрғыдан мемлекетіміздің құқықтық саясатының маңызды бағыттарының бірінде белгіленген рецидив қылмыстылықты ескерту мәселесіне арналған.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің байыпты түрде өзгеру жағдайында оған озық шет елдік және отандық тәжірибелерді имплементациялаудың және жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізудің мемлекет пен қоғам мүдделерін қорғаудағы маңызы жоғары. Сондай-ақ, Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында белгілеп өткендей, мемлекеттік деңгейде қол жеткізген көптеген жетістіктерімізге қарамастан жалпы модернизациялау үдерісіне ілеспей қалған әлеуметтік топтардың бар екендігі көрсетілген. Адамның моральдық көңіл – күйі мен қоғам мүдделеріне әсер етуші осындай дисбалансты жою және қоғамның барлық мүшелерінің ортадан өз орнын табуларына мүмкіндік беру белгіленген. Сондықтан біздің мемлекетіміз үшін маргиналды топ өкілдерін қалыпты өмірге оралту мәселесі өте өзекті болып табылады. Диссертациялық зерттеу жұмысы қылмыстық және қылмыстық – атқару заңнамаларының жаңадан қабылдануына байланысты едәуір өзгерістерге ұшыраған қылмыстар рецидивіне қатысы бар қылмыстық – құқықтық құрылым ережелерін зерделеуге және оларға талдау жасауға бағытталған.

Автор қылмыстық заңнаманы ізгілендіруге бет бұрған заң шығарушы бағытын негізге ала отырып, қылмыстар рецидивіне қатысты құқықтық ыңғайдың өзгергендігін байқаймыз. Осы тұрғыдан бұл мәселені егжей – тегжейлі қарастыру және зерделудің маңыздылығына көз жеткіземіз.

Диссертант рецидив қылмыстылықты ескертудің ең тиімді жолы қылмыстық жазаны қаталдандыру емес, бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу деген тұжырым жасайды. Постпенитенциарлық әлеуметтік бейімдеу ұғымы бұрыннан бері қолданыста болғанымен оның әлеуметтік мәні қазір ғалымдар мен практиктер тарапынан жан – жақты, әрі толық зерттеліп, қоғамдық маңыздылығы артып келе жатқан әлеуметтік институттардың бірі. Сондықтан диссертант таңдаған тақырыптың өзектілігі күмәнсіз.

Зерттеудің әдіснамалық, теориялық және нормативтік базасы пәнді терең тануға мүмкіндік беріп, алынған нәтижелердің жоғары дәрежелілігін көрсетеді.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Автордың зерттеу нәтижесінде алған ғылыми қорытындылары «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 Бұйрығының 5-8 тармақтарына сәйкес келеді. Зерттеу әдіснамасы, ғылыми материалдарға талдау және қорытындылар жасау әдісі, зерттеу жұмысын жазудағы мақсат пен міндеттер жүйесі, ұғымдық – терминологиялық аппарат пен жұмыстың эмпирикалық базасы осы зерттеудің қойылатын талаптарға сәйкестілігін анықтап отыр. Диссертант тарапынан ұсынылған диссертация автордың қылмыстық құқық, қылмыстық-атқару және криминология ғылымына қосқан жеке үлесін айғақтайтын білікті ғылыми жұмыс болып табылады.

Ұсынылған зерттеу жұмысының өзіндік дербес сипатын мынадан аңғаруға болады: осы тақырыпты (жаңа қылмыстық заңнамаға сәйкес) қазіргі қазақстандық авторлардың зерттемеуі, тақырыптың теориялық – ғылыми зерттелу деңгейінің, эмпирикалық материалдарға талдау жасау және қорытындылауының, негізгі проблеманы зерттеу қисынының сонылығы және жарыққа шыққан мақалаларының басым бөлігіне диссертанттың автор болуы.

Алынған ғылыми нәтижелер криминология, қылмыстық құқық пен қылмыстық – атқару құқығын және басқа да отандық заңнамамыздың құқықтық негіздерін дамытуға үлес қоса алады.

Осы проблеманы зерттей отыра автор оның бірнеше негізгі бағыттарын белгілейді:

- автор қылмыстық саясаттың «жазаны үнемдеу» қағидаты негізінде дамуына қолдау көрсетеді;
- қылмыстар рецидивінің қылмыстық – құқықтық құрылымына талдау жасап, оны жетілдіру жолдарын ұсынады;
- бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуді кеңейту бойынша тың ұсыныстар жасайды.

Бірінші бағыттағы мәселелерді қарастыруда республиканың қалыптасу кезеңдерінде ұстанған қылмыстық саясатына шолу жасалып, көптеген криминологтардың пікірлері негізге алынған.

Екінші бағыттағы сұрақтарды қарастыра отырып диссертант заңды күші бар қылмыстық заңнаманы оңтайландыру мақсатында бір қатар өзгертулер мен толықтырулар енгізуді ұсынады.

Үшінші бағыттағы мәселелерді қарастырудың оң шешімі постпенитенциарлық әлеуметтік бейімдеуді жетілдіру деп санап, автор осы мәселеге қатысты отандық заңнамаларға толықтырулар енгізуді ұсынады.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі.

Автордың алдына қойған мақсаты мен міндеттері зерттеу жұмысының қанағаттанарлықтай деңгейдегі нәтижелер алуына мүмкіндік берген. Диссертант жалпы және жалқы гипотезалар қоюда және оларды зерттеуде жеткілікті дәрежедегі ой - өрісін көрсетіп, жаңашылдық ыңғай танытқан. Автордың зерттеу әдіснамасы мен әдістемесін және ұғымдық аппаратты жоғары деңгейде меңгергендігін аңғаруға болады. Зерттеу жұмысындағы ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары және ұсыныстары жеткілікті эмпирикалық материалдармен дәйектеліп, қисындық тұрғыдан жүйелендірілген.

Ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары және ұсыныстары шынайылығы мен негізділігін ашуда ізденуші таанымның ғылыми әдістері жүйесіне, криминология, қылмыстық құқық, қылмыстық – атқару құқықтарының жалпы теориясына сүйенген. Аталмыш мәселелерді зерттеу рецидив қылмыстылықты ескертудің қазіргі ұғымын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді деп пайымдаймын.

Диссертация бойынша ғылыми қорытындылар зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер мен нормативтік қайнар көздерге негізделген. Ізденуші тарапынан КСРО, ТМД және Қазақстандық ғалымдардың іргелі еңбектері зерттеліп, өз мемлекеттерінде реформалау үдерісінен сәтті өткен кейбір мемлекеттердің тәжірибесі негізге алынған.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Автор алған негізгі нәтижелерді зерделеп, қорытынды жасай отыра оларды жаңа тұжырымдар деп бағалаймыз.

Бірінші нәтижені жаңа деп санаймыз. Кеңес үкіметінен біздің уақытқа дейін жеткен репрессивтілік қағидатына негізделген қылмыстық саясаттың өмірдің негізгі салалары бойынша тиімсіздігі жайлы зерттеуші криминологтардың басым бөлігі пікір білдіріп жүргенмен, оны қылмыстар рецидивімен байланыстырудағы ізденушінің қозғалыстары соны.

Екінші нәтижесін ішінара жаңа деп бағалауға болады. Ол қылмыстық жаза «дағдарысымен» байланыстырылғанмен қылмыстар рецидивіне қатысты жеке ойы назар аударарлық.

Үшінші нәтижені жаңа деп бағалаймыз. Ізденушінің заңды күші бар қылмыстық кодекстің 14-бабында берілген қылмыстар рецидиві құрылымына қатысты пікірлері негізді түрде дәйектелген.

Төртінші нәтижесін ішінара жаңа деп санаймыз. Автор көтеріп отырған жаза өтеу орындарында отырған сотталғандардың кейбір санаттарына қысқа мерзімдік демалыстар беру мәселесі әлеуметтік бейімдеуге айрықша назар аударып отырған қазіргі кезеңде өте өзекті болғандықтан бұрын қолданыста болған бұл ережені жаңа заңнамаға енгізіп, жандандырудың маңызы зор болмақ.

Бесінші нәтижені жаңа деп санаймыз. Диссертант мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс – қимылды белсендендіру және мемлекет тарапынан жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару органдарының бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан және пробация

қызметінде бақылауда тұрған тұлғаларға қатысты өкілеттілігін кеңейту мақсатында Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару заңнамасына толықтырулар енгізуді ұсынады.

Алтыншы нәтижені жаңа деп бағалаймыз. Автор қылмыстық – атқару кодексінде сотталғандарға әкімшілік қадағалау жасауға байланысты жаңа ережелердің енгізілгендігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік қадағалау туралы» заңына толықтырулар енгізу туралы ұсынысын негіздейді.

5. Ішкі бірлігінің және алынған нәтижелердің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығының бағалануы.

М.Е. Балгожинаның диссертациясы жұмыстың мақсаты мен оның орындалуын қамтамасыз етуші міндеттерден тұратын ішкі бірліктің болуымен сипатталады. Жұмыс мазмұндық және құрылымдық болмысы бойынша негізгі талаптарға сәйкес.

Диссертацияның құрылымы үш бөлімнен және олардың мазмұнын беретін жеті бөлімшелерден тұрады.

Ғылыми қорытындылардың, тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділігі, олардың қойылған міндеттерді шешуге бағыттылығы, тезистер мен дәлелдемелердің қисындылығы, негізгі мәтін мазмұны мен диссертация құрылымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті қоятын және осы мамандық бойынша теориялық – қолданбалы зерттеулер жасауға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер рецидив қылмыстылықтың алдын алу және оны қамтамасыз етудің онтайлы жолдарының бірі бас бостандығынан айыру орындарынан босаған тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу сияқты ауқымды, әрі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері сондай-ақ, қылмыстылықтың алдын алу және постпенитенциарлық әлеуметтік бейімдеу қызметін жетілдіруде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының оқу орындарында қылмыстық құқықты, қылмыстық-атқару құқығын, криминологияны оқытуда пайдаланылуы мүмкін.

6. Зерттеу жұмысын зерделеу барысында анықталған кемшіліктерге байланысты ескертпелер.

Біз жұмысты зерделеу барысында оның бір қатар жағымды жақтарына тоқталып, оның мазмұнын ашуға тырыстық. Сондай-ақ, осы зерттеу жұмысына қатысты ұсыныстық сипаттағы пікірімізді де білдіргіміз келеді. Қазіргі қолданыстағы қылмыстық – атқару кодексінің 8-бабының 1-тармағында сотталғандарды түзеу үдерісіне жұртшылықтың қатысуы белгіленген. Сотталғандардың түзелуіне ықпал етуші институттардың бірі ретінде зерттеу жұмысында осы мәселенің тереңірек қарастырылуы зерттеудің қолданбалық мәнін арттыра түскен болар еді деп санаймыз.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Диссертант Балгожина Майгуль Егеубаевнаның 6D030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасында рецидив кылмыстылықты ескертудің концептуалдық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзінің өзектілігі және ұсынылып отырған шешімдерінің жаңа болуына байланысты «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті қоятын талаптарға сәйкес келеді деп танылып, жұмыс жария түрде қорғауға ұсынылады.

«Болашақ» Академиясының құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, доцент

А.Т. Кабжанов

Қойылған қолды растаймын

